



«АЙ – ОРТАҚ, КҮН – ОРТАҚ, ЖАҚСЫ – ОРТАҚ»

5-бет

ЗАН

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№26 (3454) 1 сәуір 2022

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



Нүркен АЙТЫМБЕТОВ,
БҒМ
Философия,
саясаттану
және дінтану
институтының
жетекші
ҒЫЛЫМИ
Қызметкері,
PhD докторы:



ҒАЛАМДЫҚ БАСТАМАЛАР
ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДАН
БАС ТАРТУДАН БАСТАЛДЫ

3-бет


БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ АЗ



Елімізде алимент төлеуден қашып жүретін әкелер жылдан жылға көбейіп бара жатыр. Бүгінгі таңда осы іс бойынша сот орбитасына тартылғандар саны 3 мыңнан асып кетіпті. Бұл мәселелерді шешуде жеке сот орындаушылар институты дәрменсіз болып отыр. Неге? Жақында өткен Парламент Мәжілісіндегі Үкімет сағатында Әділет министрі Қанат Мусинге депутаттар тарапынан қойылған сауалдың дені осы тақырыпта болды. Мәселен, депутат Ерлан Смайлов алимент бойынша құзырлы орындарға, депутаттарға шағымданатын аналар санының көп екенін, қазіргі таңда 16 мыңға жуық осындай өзекті істің үлкен мәселеге айналып отырғанын айтып, мұндай жағдайдың қалай қалыптасқанын, одан шығу үшін не істеу керектігін білгісі келген еді.

(Соңы 3-бетте)



ЕРДІ, ЕЛДІ
ТӨРБИЕЛЕЙТІН – ӘЙЕЛ

4-бет



ДӘЛЕЛДЕУ МІНДЕТІ
ЖАУАПКЕРГЕ ЖҮКТЕЛЕДІ

6-бет

КӘСІП ПЕН НӘСІП

БАЛЫҚ – БАЙЛЫҚ КӨЗІ

«ҚР Экология және табиғи ресурстар» министрлігі Балық шаруашылығы комитеті Есік қаласы мен Қапшағай қаласында баспасөз турын өткізеді» – деген хабарламаны оқыған сәттен бастап бұл саланың қыр-сырын білмекке қызықтық.



Бізді Балық шаруашылығы комитетінің баспасөз хатшысы Аслан Жәнісұлы қарсы алды. Журналистерге арналған пресс-тур балық шаруашылығы субъектілерінің жұмысын таныстырудан басталды. Сондай-ақ, 2021–2030 жылдарға арналған мемлекеттік балық шаруашылығын дамыту бағдарламасы бойынша іске асып жатқан жобалар көрсетілді. Аталған бағдарламада 2030 жылға қарай өсірілетін балық көлемін жылына 270 мың тоннаға дейін жеткізу көзделген. Алматы облысында осыған орай, балық өсіру бойынша 5 жобаны жүзеге асыру жұмыстары басталыпты. Бұл іссапар барысында балық өндірісіне қатысты көп мағлұматтан хабардар болдық.

Журналистердің пресс-туры бірінші кезекте Марлен Тұрсынәлі басқаратын TMT GROUP ЖШС құрамындағы «Есік форель» шаруашылығына ат басын бұрды.

Осыдан 21 жыл бұрын, мемлекет және қоғам қайраткері, марқұм Заманбек Нұрқаділов Алматы облысының әкімі лауазымын атқарып тұрғанда, осы «Есік форель» шаруашылығын салтанатты түрде ашқан еді. Қатарластыра қойылған 20 текше литрлік 150 дана алюминий цистерналар мен сырттағы бетондалған бассейндерде форель балықтары көп екен. Біз шаруашылық несінен бұл кәсіптің қыр-сырын білмекке талпындық.

(Соңы 8-бетте)

СҰХБАТ

Жеңіс МАҚҰЛБАЕВ,
Түркістан облысы бойынша
Соттар әкімшісінің басшысы:

«ОБЛЫСТЫҚ СОТ ҒИМАРАТЫНЫҢ ҚАЗЫҒЫ ҚАҒЫЛДЫ»

– Түркістан аймағының облыс орталығы болғанына үш жылдан асты. Әрине, алғашқы кездері бірқатар қиындық болғаны рас, дегенмен, өткен жылы облыстық сот пен соттар әкімшісі жаңа ғимаратқа қоныстанды. Қазіргі жағдайларыңыз қалай?

– Жергілікті соттардың инфрақұрылымын қамтамасыз ету және дамыту Соттар әкімшісі қызметінің басым бағыты болып табылады. Өткен жылы бұл мәселеде елеулі жетістіктерге қол жеткіздік. Тіпті, тарихи оқиғалар орын алды деп айтуға да болады. Енді соған кенірек тоқталып өтейін.

Жоғарғы Сот жанындағы департамент басшылығының қолдауымен, сондай-ақ, орталық, жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл нәтижесінде Түркістан облыстық соты мен Соттар әкімшісі аппараты Түркістан қаласының жаңа әкімшілік іскерлік орталығында бой көтерген заманауи, көрікті ғимаратқа көшіріліп, 1 және 2 қабаттағы 2700 шаршы метр аумаққа жайғасты.

(Соңы 5-бетте)

